

БӨЛІМ: АШЫҚ САБАҚТАР

Ашық сабақ Ақан сері "Жігіт сипаты", "Қыз сипаты"

ЖАРИЯЛАНДЫ
11.10.2020СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/91005/>

ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ ЖОСПАР

Сабақтың тақырыбы: Ақан сері «Жігіт сипаты», «Қыз сипаты»

Мектеп: №2.Ө.Жәнібеков атындағы мектеп-гимназиясы

Күні: 20.01.2019ж Мұғалімнің аты-жөні: Исакова Жайна

СЫНЫП 7а Қатысқандар: 12 Қатыспағандар: 0

Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары 7.Т1. Мәтін үзінділері арқылы оқиғаның дамуын болжау.

7.03 Прозалық және поэзиялық шығармалардағы кейіпкердің іс -әрекетіне немесе лирикалық кейіпкердің образын талдау.

Сабақ мақсаттары

Барлық оқушылар орындай алады:

Мәтін үзінділерін тыңдай отырып оқиғаның мазмұнын түсінеді.

Оқушылардың көпшілігі орындай алады:

Прозалық және поэзиялық шығарманың мазмұнын түсініп, оқиғаның дамуын болжайды.

Кейбір оқушылар орындай алады.

Шығармадағы кейіпкерлердің іс-әрекетіне және лирикалық кейіпкердің образына талдау жасайды.

Бағалау критерийі Мәтін үзінділері арқылы оқиғаның дамуын болжай алады.

Прозалық және поэзиялық шығармалардағы кейіпкердің іс-әрекетіне болжау жасай алады.

Лирикалық кейіпкердің образына талдау жасайды.

Тілдік мақсат Оқушылар орындай алады:

Тақырыпқа қатысты сөздер мен сөз тіркестерін қолдана отырып, өз ойларын еркін жеткізеді, тілін дамытады.

Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер: Жамағат, жұмақ, тәуекел,

наркескен, шамшырақтай, залал.

Диалог құруға / шығарма жазуға арналған пайдалы тіркестер:

Ақша-маңдай, оймақ-ауыз, соры-қалың, сегіз қырлы, бір сырлы, гауһар тастай

Талқылауға арналған сұрақтар:

Ақан сері қыздардың бойындағы қандай қасиеттерді суреттеп көрсетеді?

Жігіттер қандай болуы керек?

Не себептідеп ойлайсыз?

Ақанның «Жігіт сипатын», «Қыз сипатын» сипаттаудағы мақсаты не?

Құндылықтарға баулу Әдептілікке, имандылыққа, инабаттылыққа, мейірімділікке тәрбиелеу.

Пәнаралық байланыс Тарих, өзін-өзі тану

Алдыңғы оқу: Т.Нұрмағанбетов «Он төрт жасар жігіт»

Жоспар

Жоспарланған уақыт Жоспарланған жаттығу түрлері Ресурстар

Басы

I. Ынтымақтастық орнату:

Сәлемдесу, шаттық шеңберін құру.

II. Топқа бөлу. Стикерлерді таңдау арқылы 2 топқа бөлінеді.

1-топ: Жігіттер тобы.

2-топ: Қыздар тобы.

III. Алдыңғы сабақты пысықтау.

«Өрмекшінің торы» әдісі арқылы өткен сабақты пысықтау.

Ортасы

3-тапсырма 1-тапсырма.

Мәтін үзінділерін пайдалананып, «Болжау» стратегиясы арқылы дамуын болжаңыз.

«Болжау» стратегиясы.

Өлеңнен қысқаша үзінді Оқиғаны өз ойымен болжап, дамыту.

1. Жігіт боп гауһар тастай асыл болса,

Әлсізге жаны кілең ашыр болса.

Әрқашан жігіт сондай тәуір болмас,

Не пайда шүберектей жасыл болса.

2. Бірінші бір қыз келер ақша маңдай,

Жамағат-үлкен кіші мақтағандай.

Анадан туғаннан-ақ болып дана,

Әлінше жақсыларда жақтағандай.

Бағалау критерийі Дескриптор Балл

Мәтін үзінділерін пайдалана отырып,
оқиғаның дамуын болжайды. 1.Мәтін үзінділерін түсініп мәнерлеп оқиды.
2.Оқиғаның дамуын болжай отырып, өрбітеді. 1балл

2балл

ҚБ.

2-тапсырма «Шындықты таны» әдісі арқылы шығармадағы лирикалық кейіпкердің образын талдаңдар.

1-топ

№ Кейіпкерлер Кейіпкерге сипаттама Баға беріңіз

1 Бірінші қыз

2 Екінші қыз

3 Үшінші қыз

4 Төртінші қыз

5 Бесінші қыз

6 Алтыншы қыз

7 Жетінші қыз

2-топ Мәтінге сүйене отырып,«Жүзімнің гүл шоқтары» әдісі арқылы жігіттерді сипаттап жазыңдар.

Бағалау критерийі Дескриптор Балл

Шығармадағы лирикалық кейіпкердің образын талдай алады.

1.Шығармадағы кейіпкерлердің обазын сипаттайды.

2.Шығармадағы кейіпкерлерге баға бере алады. 1балл

2балл

ҚБ

Саралау.

III деңгей

Жігіт пен қыз туралы мақал-мәтел айтыңдар.

II деңгей

«Таразы» әдісі арқылы бүгінгі күннің қыз жігіттерін кешегі күнгі қыз-жігіттермен салыстырыңдар.

I деңгей

«Үлгілі үйдің ұл-қызы ұялтпайды» тақырыбына шағын ойтолғау жазыңдар.

Соңы Кері байланыс

Білім ағашына оқушылар бүгін сабақтан алған әсерлерін жабыстыру.

Үйге тапсырма:

Қосымша ақпарат

Саралау – оқушыға мейлінше қолдау көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Қабілетті оқушыға тапсырманы қалай түрлендіресіз? Бағалау – оқушы білімін тексеруді қалай жоспарлайсыз?

Пәнаралық байланыс – Денсаулық және қауіпсіздік, АКТ-мен байланыс. Құндылықтармен байланыс (тәрбие элементі).

Саралау жұмысы:

III деңгей

Жігіт пен қыз туралы мақал-мәтел айтыңдар.

II деңгей

«Таразы» әдісі арқылы бүгінгі күннің қыз жігіттерін кешегі күнгі қыз-жігіттермен салыстырыңдар.

I деңгей

«Үлгілі үйдің ұл-қызы ұялтпайды» тақырыбына шағын ойтолғау жазыңдар.

- «Басбармақ» әдісі
- «Смайликтер» арқылы бағалау. • Тарих, өзін-өзі тану, жаратылыстану.
-
- Әдептілікке, имандылыққа, инабаттылыққа, мейірімділікке тәрбиелеу.

Рефлексия

Сабақтың мақсаты мен оқу міндеттері орындалды ма?

Бүгін оқушылар не үйренді?

Сабақ қалай өтті, қандай деңгейде өтті?

Жоспарланған саралау жақсы іске асты ма? (тапсырмалар сәйкес болды ма?)

Уақытты қалай пайдаландым?

Жоспарыма қандай өзгеріс енгіздім және неге?

Өз сабағыңызды талдау үшін осы бос орынды пайдаланыңыз. Сол жақта берілген сұрақтарға жауап беріңіз.

Сабақтың мақсаты мен міндеттері орындалды. Оқушылар бүгінгі сабақтан топта біргелесіп жұмыс істеуді, әдіс-тәсілдер арқылы тапсырма орындауды, бір-бірлерін бағалауды, өзін-өзі бағалауды, кері байланыс жасауды үйренді. Сабақ жоғары деңгейде өтті. Саралау жұмысы да іске асты. Өйткені деңгейлік тапсырмалар орындалды. Уақытты барынша тиімді пайдалануға тырыстық. Ол үшін бірінші «Алтын ереже» құрып алдық.

Қорытынды бағалау

Ең жақсы өткен екі нәрсе (оқыту мен оқуға қатысты)

1: Әдіс-тәсілді тиімді пайдалану.

2: Үй тапсырмасын пысықтаудағы «Конверттегі сұрақтар» әдісі.

Қандай екі нәрсе немесе тапсырма сабақтың одан да жақсы өтуіне ықпалын тигізеді (оқыту мен оқуға қатысты)?

1: Бағалау.

2: Кері байланыс.

Осы сабақтың барысында барлық сынып немесе жекелеген оқушылар жөнінде келесі сабағыма қажет болуы мүмкін қандай ақпарат білдім?

1:

2:

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.